

Ауғанстан соғысы мәңгі есте

Биылғы жылдың 15 ақпанында Кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 34 жыл толды. Сырт жерде қауіп пен қатердің арасында қиын күндер өткізген, тіптен, сол жақта жан тәсілім еткендердің арасында арқалықтықтар да бар еді. Ендігі міндет сол кісілердің тірісіне құрмет көрсетіп, бақилық болғандарының рухына тағзым ету.



1989 жылдың 15 ақпанында КСРО халқы Әмудария өзеніндегі көпірдің үстінде Ауғанстаннан қайтқан 40-шы армияның жауынгерлерін салтанатпен қарсы алды. Он жылдай уақыт сырт елдің тыныштығын қорғаған Ауғанстандағы шектеулі контингент әскерлері құрамында Қазақстаннан 22 269 жауынгер интернационалдық міндетін атқарған. Олардың 924-і жат елде ерлікпен қаза тауып, 21 адам хабар-ошарсыз кеткендердің санатына жатқызылды. Мыңдаған жігіт елге мүгедек болып оралды. Сол уақыттағы алып елдің саяси ойыны осылайша қаншама қазақстандық отбасының басына қайғы салды. Ендігі міндет сол сұрапыл уақытта қаза болғандардың рухына тағзым етіп, арамызда жүргендеріне құрмет көрсету болмақ. Осы мақсатта қаламызда да арнайы іс – шаралар жыл сайын ұйымдастырылып ке-

леді. Биыл да қала орталығындағы «Жастар» саябағындағы интернационалист жауынгерлерге арналған ескерткіш тақта алаңында арнайы шара өтті. Жат жерде қаза болған интернационал жауынгерлер рухына тағзым етіліп, ескерткіш тақтаға гүл шоқтары қойылды.

Қала әкімі Әмірхан АСАНОВ өз сөзінде Ауғанстан жеріндегі соғыс талай бейбіт отбасының шаңырағын шайқалтқанын айта келе, сол сұрапыл кезеңде ерлігімен танылған азаматарымыздың есімі мәңгі жадымызда сақталатынын жеткізді. Интернационал жауынгер Марат БАЛДИКОВ та сөз алып, қиын кезеңнен естеліктер айтты. Жат жерде опат болғандардың рухына Арқалық қалалық «Мұхтасиб Әлмұхаммед» мешітінің бас имамы Нұрхан қажы Бақтыбай құран бағыштады.

Сол 110 айға созылған отты жылдар кезінде 2,5 миллион

ауған халқы жер бетінен жойылып кетті. 15 мыңнан аса Кеңес әскері опат болды. Ауған жерінде қолына қару алып, әскери борышын өтеген жастарымыздан отанына орала алмай қалған жерлестеріміз де бар. Олар Талғат БАЙМАҒАМБЕТОВ, Елебек АҒАТАНОВ, Хамболла ГАМБАРОВ, Николай ФИРОСОВИЧ, Марат ҒАЛИЕВ сынды қыршынынан қиылған батырларымыз. Бүгінде олардың есімі ел жадында мәңгіге сақталған. Соның ішінде Талғат БАЙМАҒАМБЕТОВТІҢ есімі көше атауына берілсе, Марат ҒАЛИЕВТІҢ есімі өзі оқыған мектебінде ескерткіш тақтаға жазылды. Орталық «Жастар» саябағында, Ауғанстан жерінде опат болған 13 азаматтың есімі сол тақтаға жазылды. Бұл жер бүгінде халықтың жат елде опат болған бауырларымыздың рухына тағзым ететін орынына айналды.